

# *Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*

- *Тақырыбы: Ауыз қуысындағы  
дисбактериоз.Халитозис.Алдын алу емдеу*
- *Қабылдаған: Оспанова Э*
- *Орындаған: Жанұзақова А*
- *Тобы: СТК-228*

# Жоспар

- *Кіріспе*
- *Негізгі бөлім*
- *Ағзаның қалыпты микрофлорасының бұзылуы*
- *Дисбактериоз*
- *Халитозис*
- *Қорытынды*
- *Пайдаланған әдебиеттер*

# АТ ЗАҢЫҢ ҚАЛЫПТЫ МИКРОФЛОРАСЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ

- Микрофлораның қалыпты функцияларын атқара алмайтын жағдайы дисбактериоз және дисбиоз деп аталады.
- Дисбиоз және дисбактериоз эндогенді инфекцияларға әкелуі мүмкін.
- Дисбактериоз дегеніміз – микрофлораның атқаратын негізгі қызметтерінің бұзылуының нәтежиесінде болатын процесс. Организмде зат алмасу процесінің дұрыс жүрмеуінен және де кейбір витаминдердің дұрыс синтезделмеуінен болады.

- Соңғы 15-20 жыл шамасында медиктердің лексиконында, «дисбактериоз» термині жиі қолданыла бастады. Соңғы жылдары барлық елдерде балалар мен ересектер арасында дисбактериоздардың меншікті үлесі күрт көбейгені байқалады. Ол экологиялық жағдайдың нашарлағанымен, антибиотиктерді, гормондарды орынсыз пайдаланумен, стресстік жағдайлардың өсуімен, тағамдық өнімдердің, ауыз су сапасының төмендеуімен т.б



- Стрептококгармен және стафилококтармен шақырылатын стоматиттер бактериялық зақымдалудың негізгі тобын құрайды. Стоматиттер беткейлік және азуақытты немесе ауыр ағымды болуы мүмкін, ондай жағдайды «ауыздық сепсис» деп атайды. Балалық шақта импетигозды стоматитті байқауға болады. Бұл аурудың көрінуі - үнемі бірге жүретін еріннің, ұрттың, қызыл иектің, қатты таңдай және тілдің шырышты қабатында болатын эрозиялар. Эрозиялардың жабындысы сарылау-сұр тұсті, оны тазалаған кезде қанағушылық басталады. Қызыл иектің ашық жерлері жараланады. Аурудың бастапқы сатысында зақымданған жерден стрептококтар бөлінеді (көбінесе *S pyogenes*), ал ауру барысында стафилококтар да қосылады (*S aureus*). Импетиго іріңдік зақымдануының теріге жайылуымен сипатталады .



- Стрептококктар тағы да басқа «заеда» деп аталтын ауруды қоздыра алады.
- Аурудың бастамасында ауыз бұрыштарында кішкентай стрептококктық ірінді безеу шығады. Ол тез арада шеттерінде эпидермис жырықтары бар эрозияға айналады. Жеке бас гигиенасы сақталмаған жағдайларда, ем жүргізілмесе, ауыз қимылдаған кезде бет терісі созылып эрозияның ортасын жыртады, жарық ұрттың шырышты қабығына жалғасады. Жарық қанағушылықпен сипатталады, сондықтан қанды немесе қанды іріңці қыртыспен жабылады. Сілекейі көп және ауыз қуысын таза ұстамаған адамдарда эрозия қайта қайта тітіркеніп асқындайды, беттің терісінде стрептококктық импетиго дамиды.





- *Этиотропты емдеу. в-лактамдарды (пенициллиндер, цефалоспориндер), фторхинолондарды тағайындайды.*
- *Алдын алуы. Жарақатталған кезде инфицирлену қауіпі болған адамдарды, босану алдында жүкті әйелдерді стафилококтық анатоксинмен иммундейді. Стафилококтық инфекция созылмалы түрге айналса стафилококктарға қарсы иммунды глобулинді, аутовакцинаны пайдаланады.*

# Галитоз

- Галитоз (*halitosis*; лат. *halitus* — дем алу грек. *-osis*) — ауыз қуысынан шығатын жағымсыз иіс. Галитоз көбіне ауыздың шырышты қабығының, қызыл иек пен тісттің қабынуының симптомы болады. Сондай-ақ Галитозға ішкі ағзалардың ауруға шалдығуы себеп болады. Мұндай жағдайда ауыздағы иіс оның ішіндегі әйтпесе ішкі ағзалардағы осыған себеп болып тұрған негізгі кеселді емдеп, жазғаннан кейін ғана кетеді.



# Этиологиясы

- Әлгінде айтқанымыздай, бұл кесел көбіне ауыздың гигиеналық жағдайынан туындайды. Яғни, ол ауыздағы бактериялар тіршілігі салдарынан пайда болады. Ал олар ауыздың шырышты қабығын, қызыл иек пен тіс қабын мекендейді. Ауыздағы бактериялардың өсіп-өнуіне шырышты қабықтың және тістің жегі (кариес), пародонтит, пародонтоз, гингивит, стоматит, оның ішінде герпестік стоматит секілді сырқаттары себеп болады. Сондай-ақ, галитоз ауыздың шырышты қабығының құрғауы салдарынан туындауы да мүмкін. Оған сілекейдің бөлінуінің азаюы, ауызды ашып ұйықтау, ауыз арқылы тыныстау, темекі тартып, арақ ішудің септесетін кезі аз емес. Кейде сарымсақ, жуа жеп, кофе ішкеннен кейін де ауыздың иістенуі ықтимал.

# Емдеу жолдары

- Егер галитоздың себебі ауызға дұрыс күтім жасалмауы, гигиеналық талаптардың сақталмауы болса, онда дұрыс тіс қылсабын сатып алып, ауызды жүйелі түрде мұқият тазалауды әдетке айналдыру керек. Ал ауыздан шығатын иіс ауыздағы әйтпесе ішкі ағзалардағы ауруға байланысты болған жағдайда стоматолог - дәрігерге әйтпесе басқа да салалық дәрігер-мамандарға көріну керек. Себебі, галитоз, түптеп келгенде, ауыз іші мен ішкі ағзаларда пайда болған сырқаттың салдары, соның хабаршысы ғана.

# Қорытынды

- Микрофлораның қалыпты функцияларын атқара алмайтын жағдайы дисбактериоз және дисбиоз деп аталады.
- Дисбактериоз дегеніміз – микрофлораның атқаратын негізгі қызметтерінің бұзылуының нәтежиесінде болатын процесс. Организмде зат алмасу процесінің дұрыс жүрмеуінен және де кейбір витаминдердің дұрыс синтезделмеуінен болады.

# Пайдаланған әдебиеттер

- [Geogle.kz](#)
- [Wikipedia.kz](#)